



Published on Информационно-Аналитический центр (<http://iac.kz>)

[Home](#) > Мектепке дейінгі білім беру елдің ЖІӨ өсуіне көмектеседі және бюджетке пайда әкеледі



[1]

**Мектепке дейінгі білім беру саласына жұмсалған бір доллар 8 доллар көлемінде мемлекетке жанама кіріс әкеледі. Бұл туралы бүгін Астанада "Ақпараттық-талдау орталығы" АҚ президенті Серік Ырсалиев мәлімдеді деп хабарлайды [Zakon.kz](http://Zakon.kz) [2] тілшісі.**

«Баланың дамуына анағұрлым ерте салым жасасақ, бұл мемлекет үшін экономикалық тұрғыдан соғұрлым тиімді болады деп белгіленді, - деп айтты Ырсалиев. - мектепке дейінгі балалық шаққа жұмсалған 1 доллар мемлекетке 8 доллар көлемінде жанама кіріс әкеледі. Бұл қалай болғаны? Бала 3 жасқа дейін ұйымдастырылған бағдарламаларды және 6 жасқа дейін ерте әлеуметтену дағдыларын алатын болса, онда оның қарым-қатынас жасау, танымдық дағдылары қалыптасатын болады. Кейбір мемлекеттерде қамаудағы халықтың 90%-ы кезінде балабақшаға бармаған, олардың жоғарыда аталған дағдылары болмады, олар бұл өмірде сәтсіз болды», - деп айтты ол.

Бұдан кейін сарапшы балаларға ерте білім беруден мемлекет ненің есебінен кіріс алатынын толығырақ түсіндірді.

«Баланың мектептегі дамуына жұмсалған 1 доллар мемлекетке 3 доллар көлемінде, ал кәсіптік білім беру даярлығына жұмсалған 1 доллар мемлекетке 2 доллар көлемінде жанама кіріс әкеледі. Бұл жанама кіріс неден білінеді? Ерте жастан білім алған адам кейін жақсы жұмыс істейді, өмірде табысты болады 7% артық салық төлейді. Оған мемлекет қаржы шығындамайды, әлеуметтік жәрдемақы төлемейді және т.б. Әлеуметтік қамтамасыз етуді 5% үнемдейді және оған болашақта іздеу салу, ізіне түсу, айыптау сияқты іс-әрекеттердің керек болмайтыны есебінен мемлекеттің қаржысын 88% үнемдейді», - деп түсіндірді ол.

Сонымен қатар, Ырсалиевтің деректері бойынша, бастауыш білім берумен қамтуды тек 1%-ға кеңейтудің өзі мемлекеттің ЖІӨ 0,35%-ға арттырады. Ал жоғарғы сыныптарда

оқу ұзақтығын 1 жылға созу елдің ЖІӨ 0,44%-ға арттырады.

«Айтпақшы, бізде 11-жылдық, 2019 жылдан бастап біз 0+11 үлгісіне көшеміз. Мемлекеттердің басым бөлігі 12-жылдықты енгізді, бұдан 10-20 жыл бұрын. Кейбір мемлекеттерде 13-жылдық, екі мемлекетте 14-жылдық бар. PISA халықаралық зерттеуде орташа көрсеткіштен 5 балға артық нәтиже көрсеткен мемлекеттің еңбек өнімділігі жан басына шаққандағы ЖІӨ 2,5% артық болады», - деп қорытындылады ол.  
[Добавить в избранное](#) [3]

---

#### **Links**

[1] [http://iac.kz/sites/default/files/styles/img\\_800/public/2016072011582542444\\_20160720115410.jpg?itok=gTVKIKnM](http://iac.kz/sites/default/files/styles/img_800/public/2016072011582542444_20160720115410.jpg?itok=gTVKIKnM)

[2] <https://www.zakon.kz/>

[3]  
<http://iac.kz/kk/flag/flag/bookmarks/4415?destination=printpdf/4415&token=e9cefcec69a77bf5bbf084580196b1a3>